

**"Қазақстан Республикасында халық денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 29 қарашадағы N 2662 Заң күші бар жарлығы

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының

Z933600\_

1-бабына сәйкес қаулы

етемін:

1. "Қазақстан Республикасында халық денсаулығын сақтау туралы" 1992 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 3, 47-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгертулер енгізілсін:

34-бап мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

"Азаматтарды міндетті медициналық сақтандыру мәселелері қолданылып жүрген заңдарға сәйкес реттеледі";

35, 36, 37-баптар алынып тасталсын.

2. Осы Жарлық 1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті